

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

«Түркістан облысында тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық саласындағы жекелеген бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу»

ТҮРКІСТАН 2022 ЖЫЛ

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Түркістан облысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жекелеген бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуына мемлекеттік аудитті жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Түркістан облысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жекелеген бюджеттік бағдарламаларына бөлінген қаржының жұмсалуды кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауына және тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

Жалпы мемлекеттік аудит объектілері саны 11 (оның ішінде 2 объект бойынша үстеме тексеру)

1. «Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

2. «Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жетісай су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны.

3. Жетісай ауданы әкімдігінің «Жетісай қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

4. «Мақтаарал ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

5. Мақтаарал ауданы әкімдігі «Мырзакент-Қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

6. «Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

7. «Ақаба-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

8. Арыс қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Жасыл Арыс» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

9. «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

10. Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

11. Түркістан қаласы әкімдігінің «Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.04.2020 – 30.06.2022 жыл аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2022 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Түркістан облысында тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық саласындағы жекелеген бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуына мемлекеттік аудитті жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті 15.08.2022 жыл - 07.10.2022 жыл аралығы жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 11 аудит объектісі қамтылды. (2 аудит объектісі бойынша үстеме тексеру) Оның ішінде 6 мемлекеттік мекеме, 3 коммуналдық мемлекеттік мекеме, 1 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынында, 1 жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде жүргізілді.

Мемлекеттік аудиттің мәніне сәйкес Облыстың тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық саласының жергілікті бюджетті тиімді жоспарлау және атқару, аумақты дамыту бағдарламасын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына тиімділігіне аудит жүргізілді.

Бюджеттік бағдарламада қаралған қаржылардың игерілуі.

«Арыс қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жсолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ бойынша:

Аудитпен қамтылған кезеңде бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыларды жоспарлау негізділігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларына» сәйкес жасалынған. Жасалынған бюджеттік өтінімдер жергілікті уәкілетті органға уақтылы ұсынылған. Ұсынылған бюджеттік өтінімдерде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің әрбір бюджеттік бағдарламасы бойынша шығыстардың түрлері жөніндегі есептеулері, негіздемелері, түсіндірме жазбалары қамтылған. Тиісті бюджетке нақтылау және түзетулер жағдайларында бюджеттік өтінімдердің нақтыланған, түзетілген бюджетке сәйкестендірілген.

Мекеменің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары бөлім басшысының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № НҚ-119 бұйрығымен бекітіліп, 27.04.2020 жылғы № НҚ-29, 15.06.2020 жылғы № НҚ-37, 15.09.2020 жылғы №НҚ-54, 17.11.2020 жылғы №НҚ-58 және 23.12.2020 жылғы №66 бұйрықтармен өзгерістер енгізілген.

Мекеменің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары бөлім басшысының 2020 жылғы 28 желтоқсандағы №НҚ-67 бұйрығымен бекітіліп, 01.04.2021 жылғы № НҚ-26, 30.04.2021 жылғы №НҚ-41, 03.08.2021 жылғы №НҚ-87, 12.10.2021 жылғы № НҚ-104 және 03.12.2021 жылғы №НҚ-122 бұйрықтармен өзгерістер енгізілген.

Мекеменің 2022-2024 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары бөлім басшысының 2022 жылғы 10 қаңтардағы №НҚ-5 бұйрығымен

бекітіліп, 25.03.2022 жылғы №НҚ-22 және 25.05.2022 жылғы №НҚ-39 бұйрықтармен өзгерістер енгізілген.

Жалпы Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 2020 жылдың сәуір айынан 2022 жылдың 30 маусым айы аралығында 4 бюджеттік бағдарлама бойынша жалпы 1 266 226,0 мың теңге жоспарланып, игерілген.

«Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ бойынша:

Мемлекеттік аудит объектісі бойынша 2021 жылдың 1 қаңтары мен 31 желтоқсан аралығында 2 жекелеген бюджеттік бағдарламаға 234 918,8 мың теңге қаралып, игерілгені 234 918,6 мың теңге, үнемделген қаржы 0,2 мың теңге немесе жоспар 100 % орындалған.

Сонымен қатар, мемлекеттік аудит объектісі бойынша 2022 жылдың 1 қаңтары мен 30 маусым аралығында 3 жекелеген бюджеттік бағдарламаға 858417,3 мың теңге қаралып, толық игерілген, немесе жоспар 100 % орындалған.

«Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ бойынша:

Мемлекеттік аудит объектісі бойынша 2021 жылдың 1 маусымы мен 31 желтоқсан аралығында 3 жекелеген бюджеттік бағдарламаға 351 273,0 мың теңге қаралып, игерілгені 351 001,2 мың теңге, үнемделген қаржы 271,8 мың теңге немесе жоспар 100 % орындалған.

Сонымен қатар, мемлекеттік аудит объектісі бойынша 2022 жылдың 1 қаңтары мен 30 маусым аралығында 3 жекелеген бюджеттік бағдарламаға 215240,3 мың теңге қаралып, толық игерілген, немесе жоспар 100 % орындалған.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Жалпы аудитпен 10 445 756,2 мың теңге (*республикалық бюджет қаражаты 6 407 022,3 мың теңге*) қамтылды, оның ішінде 2020 жыл кезеңі бойынша 361 346,0 мың теңге, 2021 жыл кезеңі бойынша 2 243 315,2 мың теңге, 2022 жыл кезеңі бойынша 7 841 095,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 6 407 022,3 мың теңге*) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 11 (*оның ішінде 2 объект бойынша үстеме тексеру*) объектінің ішінде 7-де қаржылық бұзушылықтар сомасы және 9 объектіде 29 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Анықталған бұзушылықтар сомасы барлығы **481 865,3 мың** теңгені құрады. Оның ішінде:

- Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **245,0 мың теңге**;
- Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **476 334,9 мың теңге**;
- Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **5 285,4 мың теңге**.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **476 579,9 мың теңге**, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны **476 334,9 мың теңге**, өтелуге жататыны **245,0 мың теңге**.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **476 579,9 мың теңге** өтеліп, қалпына келтірілген *(оның ішінде 476 334,9 мың теңге қалпына келтірілген болса, 245,0 мың теңгесі өтелді)*.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 29 бірлік бұзушылық фактілері 9 объектіде орын алған.

Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:

Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 1 мекемеде 245,0 мың теңгені құраған.

Атап айтқанда:

1. «Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ бойынша 245,0 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

2021 жылдың маусым, шілде айларында «Шым Проф-Строй» ЖШС тапсырыс беруші «Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне 10 454,6 мың теңгеге орындалған жұмыстардың Ф-2 актісін ұсынған немесе орындалған жұмыстардың актісінде келісім шартта қаралған (10 209,6 мың теңге) сомадан 245 030 теңгеге артық сметада қаралмаған жұмыстар орындалған деп көрсетілген.

2021 жылдың маусым, тамыз айларында «Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі атқарылған жұмыстардың актілеріне сәйкес деп, «Шым Проф-Строй» ЖШС-нің есеп шотына 245 030 теңгені артық аударылғаны анықталды. *(Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің, және ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығының талаптары сақталмаған)*

Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде жалпы 7 мекемеде 476 334,9 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

1.«Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ бойынша 7 224,0 мың теңге қаржылық бұзушылық анықтаған.

2021 жылы 035-015-159 «Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Kazakh Teh-Stroy» ЖШС арасында 18.08.2021 жылы «Құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы» №78 шарт 7 224,0 мың теңгеге жасалып, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Қарақай ауылдық округі, Сәтпаев елді мекеніндегі көп қабатты 10 пәтерлі тұрғын үйді абаттандыру жұмыстары жүргізілген.

Аудит барысында бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде 7224,0 мың теңге қаржылық бұзушылық орын алғаны анықталды.

(2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV ҚР Бюджет кодексі, ҚР Қаржы министрінің 03.08.2010 жылғы №393 бұйрығының талаптары сақталмаған.)

2. Жетісай ауданы әкімдігінің «Жетісай қызмет»КММ бойынша 97 110,9 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында мекеменің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде 97 110,9 мың теңгеге заң нормаларының сақтамағаны анықталды. *(Бұл ретте 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV ҚРБюджет кодексі, ҚР Қаржы министрінің 03.08.2010 жылғы №393 бұйрығы, 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығының талаптарын сақталмаған)*

3. «Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ бойынша аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында мекеменің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде 133 362,6 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

(Бұл ретте 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV ҚРБюджет кодексі, ҚР Қаржы министрінің 03.08.2010 жылғы №393 бұйрығы, 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығының талаптарын сақталмаған)

4. Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесінің «Жасыл Арыс» КММ бойынша 3 401,5 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында мекеменің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде 3401,5 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған. *(Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 бұйрығы талаптары сақталмаған)*

5. «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ бойынша 158 081,9 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында мекеменің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде 158 081,9 мың теңгеге заң нормаларының сақтамағаны анықталды. *(Бұл ретте 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV ҚРБюджет кодексі, ҚР Қаржы министрінің 03.08.2010 жылғы №393 бұйрығы, 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығының талаптарын сақталмаған)*

6. Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ бойынша 64 354,4 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында мекеменің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде 64 354,4 мың теңгеге заң нормаларының сақтамағаны анықталды. *(Бұл ретте, ҚР Қаржы министрінің 03.08.2010 жылғы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» талаптары сақталмағаны анықталған)*

7. Мақтаарал ауданы әкімдігі «Мырзакент-Қызмет» КММ бойынша 12 799,6 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында мекеменің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде 12 799,6 мың теңгеге заң нормаларының сақтамағаны анықталды. *(Бұл ретте, ҚР Қаржы министрінің 03.08.2010 жылғы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» талаптары сақталмағаны анықталған)*

Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 5 285,4 мың теңге.

1. «Арыс қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ бойынша 5 285,4 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған.

Бақылау өлшемін (тексеріп қарау) жүргізу барысында «Түркістан облысы, Арыс қаласы, Жиделі ауыл округі, Аққала елді мекенін ауыз сумен қамтамасыз ету құрылыс нысанында 1 дана суды залалсыздандыруға арналған қондырғы 5285,4 мың теңгеге орнатылған. Алайда, тексеріп қарау барысында нысан 2020 жылдың 19 қарашасында қабылданғанымен, қазіргі таңға суды залалсыздандыруға арналған қондырғы пайдаланылмай тұрғаны анықталды. *(Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы бюджет кодексінің 4 бабының 12 тармағының тиімділік принципі сақталмаған.)*

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 29 бірлік бұзушылық фактілері 9 объектіде орын алған.

Атап айтқанда:

1. «Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 8 бірлік;
2. Жетісай ауданы әкімдігінің «Жетісай қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;
3. «Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-де 4 бірлік;
4. Мақтаарал ауданы әкімдігі «Мырзакент-Қызмет» КММ-де 3 бірлік;
5. «Ақаба-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде 3 бірлік;
6. Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесінің «Жасыл Арыс» КММ-де 1 бірлік;
7. «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-де 3 бірлік;
8. Түркістан қаласы әкімдігінің «Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;
9. Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-де 1 бірлік;

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

«Арыс қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ бойынша:

Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) туралы Ереже, Арыс қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 01 сәуірдегі №148 қаулысымен бекітілген.

Осы Ережеге сәйкес Мекеме, мемлекеттік басқаруды заңнамада көзделген шекте тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдарын дамыту саясаты саласында жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган болып табылады.

Мекеменің ведомстволық бағынысты ұйымдары бар. Атап айтсақ:

- 1) «Жасыл Арыс» КММ;
- 2) «Ақаба – Сервис» ЖШС.

Мекеменің миссиясы: қаланың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу және мемлекеттік тұрғын үй қорын басқару болып табылады.

Функциялары:

- жергілікті, өкілетті және атқарушы органдардың актілерін жасауға қатысады және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, қаланың тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымын жақсарту, жолаушылар көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру, автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету, коммуналдық тұрғын үйлерді беру және оны жекешелендіру мәселелері бойынша ұсыныстарды қала әкімдігінің қарауына енгізеді;

- объектілер мен коммуникациялардың құрылысын, қайта құрылуын, қалпына келтірілуін, күрделі жөнделуін, аумақтардың абаттандырылуын, көгалдандырылуын реттейтін мәселелердің нормалары мен ережелерін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындайды;

- тұрғын үй мәселесі бойынша азаматтардан, ұйымдардан, мекемелерден келіп түскен өтініштерді қарайды және олар бойынша шешімдер қабылдайды, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу жағдайын талдайды, тұрғын үй комиссиясының қарауына тиісті ұсыныстар енгізеді;

- елді мекендердің шекаралары шегінде тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау салаларындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде бақылау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жұмысын ұйымдастырады және Ережеге сәйкес тағы басқалар.

Мекеме, аудитпен қамтылған кезеңде Арыс қаласын сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту, елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру үшін бюджет қаражатын алушы болып табылады.

Мемлекеттік аудитпен қамту үшін мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерделеу нәтижелері бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жекелеген бюджеттік бағдарламаларына бөлінген қаржының жұмсалуды кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауы бойынша жүзеге асырылатын 1 266 226,0 мың теңге сомасына мынадай бюджеттік инвестициялық жобалар айқындалды. Оның ішінде бюджеттік бағдарламалар бойынша:

1) 458012 «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде 209 869,0 мың теңге;

2) 458018 «Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде 614 207,0 мың теңге;

3) 458029 «Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде 341 965,0 мың теңге;

4) 458058 «Елді мекендерді сумен жабдықтау және бұру жүйелерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде 100 185,0 мың теңге қаражат көзделген.

«Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабының, 17.05.2021 жылғы №36 шарттың 4.1 тармағының 2) тармақшасының талаптары сақталмастан 762720 теңге көлемінде шарттың сомасының үш пайызы мөлшерінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету кепілдігі шартта азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру шартымен сақтандыру көзделмеседе, 2021 жылғы 28 мамырдағы №24-ДГПО-1836 азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру шартымен сақтандырылған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабының, 13.08.2021 жылғы «Құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы» №58 шартқа 05.03.2022 жылы жасалған №2 қосымша шарттың 1.1. тармағының 5) тармақшасының талаптары сақталмастан шарт бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру шарты көзделмеседе, 2022 жылғы 18 наурыздағы №Z20-6000-0004681228 азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру шартымен 41250,0 мың теңгеге сақтандырылған.

«Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ

1). 029000 «Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Иіржар ауылдық округінің Иіржар елді мекеніндегі су құбыры жүйелерін қайта құру» жұмыс жобасының жобалау-сметалық құжаттамасы сараптамадан 12.03.2020 жылы №PROE-0018/20 өтіп, жоба «Мақтаарал ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бұйрығымен бекітілген.

2). 029000 «Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мақтаарал ауылдық округі, Атакент кентінің Досаев, Абдукадыров, Игілік, Ташкент, Шығыс, Алматы, Қазақстан, Алтынсарин, Өзбек, Строительный

(Усманов), Автомобилистов, 8-Наурыз көшелері бойынан ауыз су жүйелерін қайта құру» жұмыс жобасының жобалау-сметалық құжаттамасы сараптамадан 28.08.2019 жылы №ЭкПС-0073/19 өтіп, жоба «Мақтаарал ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бұйрығымен бекітілген.

3). 029000 «Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мақтаарал ауылдық округі, Береке елді мекеніндегі ауыз су жүйелерін қайта құру» жұмыс жобасының жобалау-сметалық құжаттамасы сараптамадан 10.07.2019 жылы №ГНҚ-0079/19 өтіп, жоба «Мақтаарал ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бұйрығымен бекітілген.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит жүргізу барысында қабылданған шаралар:

«Түркістан облысында тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық саласындағы жекелеген бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуына мемлекеттік аудитті жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті іс-шарасы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне қаржылық есептілік туралы заңнамаларын бұзу фактілері бойынша әкімшілік шара көру үшін барлығы 8 материал жолданған. Атап айтқанда:

1. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне «Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде қаржылық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, яғни екінші қол қою құқығы болған мекеменің бас маман- бас есепші Сабирова Лаззат Калдыбаевнаға әкімшілік шара көру үшін тиісті жинақталған құжаттар 30.09.2022-ғы № 11/2238 шығыс хатымен жолданған.

2. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Жетісай ауданы әкімдігінің «Жетісай қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қаржылық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, яғни екінші қол қою құқығы болған мекеменің аға бухгалтері Кәрібай Жеңіс Асанханұлына әкімшілік шара көру үшін тиісті жинақталған құжаттар 30.09.2022-ғы № 11/2237 шығыс хатымен жолданған.

3. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Мақтаарал ауданы әкімдігінің «Мақтаарал ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде қаржылық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, яғни екінші қол қою құқығы болған мекеменің сектор меңгерушісі, бөлімнің есепшісі міндетін уақытша атқарушы Досболов Жанибек Асилхановичке әкімшілік шара көру үшін тиісті жинақталған құжаттар 30.09.2022-ғы № 11/2239 шығыс хатымен жолданған.

4. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Мақтаарал ауданы әкімдігі «Мырзакент-Қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қаржылық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, яғни екінші қол қою құқығы болған мекеменің есепші Жанбосынов Орынбасар Сатыбалдиевичке әкімшілік шара көру үшін тиісті жинақталған құжаттар 30.09.2022-ғы №11/2240 шығыс хатымен жолданған.

5. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде қаржылық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, яғни екінші қол қою құқығы болған мекеменің сектор меңгерушісі Абдигапбаров Айдын Габитовичке әкімшілік шара көру үшін тиісті жинақталған құжаттар 11.10.2022-ғы № 11/2261 шығыс хатымен жолданған.

6. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде қаржылық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, яғни мекеменің статисті Дауренов Нуркен Қалдарбековичке әкімшілік шара көру үшін тиісті жинақталған құжаттар 11.10.2022-ғы № 09/2266 шығыс хатымен жолданған.

7. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне «Ақаба-Сервис» ЖШС-де қаржылық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, яғни серіктестіктің бас есепшісі Бейдалиева Гүлжайна Серикбайқызына әкімшілік шара көру үшін тиісті жинақталған құжаттар 19.09.2022-ғы №09/2151 шығыс хатымен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінен 11.10.2022 жылғы №02-38/4261 хатына сәйкес Бейдалиева Гүлжайна Серикбайқызы әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны туралы хабарлаған.

8. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесінің «Жасыл Арыс» КММ-де қаржылық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, яғни мекеменің бас есепшісі Кадирова Майра Курманалиевнаға әкімшілік шара көру үшін тиісті жинақталған құжаттар 19.09.2022-ғы №09/2150 шығыс хатымен жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінен 11.10.2022 жылғы №02-38/4262 хатына сәйкес Кадирова Майра Курманалиевна әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны туралы хабарлаған.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы 476 579,9 мың теңге өтеліп, қалпына келтірілген *(оның ішінде 476 334,9 мың теңге қалпына келтірілген болса, 245,0 мың теңгесі өтелген)*.

Сонымен қатар, аудиторлық іс-шара бойынша 4 аудит объектісі бойынша барлығы 4 жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік шара қолданылды.

Атап айтқанда:

1. «Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ.

Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында 13.09.2022 жылғы №6 бухгалтерлік анықтамамен 7 224,0 мың теңге қалпына келтірілген.

2. Жетісай ауданы әкімдігінің «Жетісай қызмет» КММ. Мемлекеттік аудит барысында 06.09.2022 жылғы №18 бухгалтерлік анықтамамен жалпы 97110,9 мың теңге қалпына келтірілген.

2022 жылғы 6 қыркүйектегі №18 бухгалтерлік анықтамамен тиісті бухгалтерлік проводкалар беріліп, жалпы 97110,9 мың теңгеге материалдық нысандар мен активтер мекеменің теңгеріміне алынған.

Мекеме директорының 2022 жылғы 15 қыркүйектегі №110 бұйрығымен аудит барысында анықталған кемшіліктер мен заң

бұзушылықтарға жол бергені үшін мекеменің аға есепшісі Ж.Кәрібайға "ескерту" түрінде тәртіптік жаза қолданылған.

3. «Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ.

Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында 08.09.2022 жылғы №81 төлем тапсырмасымен сметадан артық аударылған 245 030 теңге 206109 коды арқылы бюджетке өндірілді.

Сонымен қатар, мемлекеттік аудитті жүргізу барысында 08.09.2022 жылғы №2 бухгалтерлік анықтамамен 48 147,8 мың теңге, 22 960,0 мың теңге, 45 920,0 мың теңге, 6 125,2 мың теңге және 10 209,6 мың теңге, барлығы 133 362,6 мың теңге қалпына келтірілген.

4. Мақтаарал ауданы әкімдігі «Мырзакент-Қызмет» КММ

2022 жылғы 7 қыркүйектегі №11 бухгалтерлік анықтамамен тиісті бухгалтерлік проводкалар беріліп, жалпы 12 799,6 мың теңгеге материалдық нысандар мен активтер мекеменің теңгеріміне алынып, қалпына келтірілген.

Мекеме директорының 2022 жылғы 15 қыркүйектегі №92 бұйрығымен аудит барысында анықталған кемшіліктер мен заң бұзушылықтарға жол бергені үшін мекеменің есепшісі О.Жанбосыновқа "ескерту" түрінде тәртіптік жаза қолданылған.

5. «Ақаба-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Аудиторлық іс шара жүргізу барысында серіктестіктің 2022 жылға есеп саясаты бекітіліп, қалпына келтірілді және Серіктестіктің 2022-2026 жылдарға арналған даму жоспары бекітіліп, қалпына келтірілді.

Серіктестік директорының 05.09.2022 жылғы №6 бұйрығына сәйкес серіктестіктің бас есепшісі Г.Бейдалиеваға аталған кемшіліктерге жол бергені үшін «сөгіс» түрінде тәртіптік шара қолданылды.

6. Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесінің «Жасыл Арыс» КММ.

Мемлекеттік аудит барысында 2022 жылдың тамыз айындағы № 28 мемориалдық ордермен және 25.08.2022 жылғы №1-ші бухгалтерлік анықтамамен 3 401,5 мың теңгені құрайтын тал екепелері балансқа алынып, қалпына келтірілді.

Мекеме басшысының 06.09.2022 жылғы №97 бұйрығына сәйкес мекеменің бас бухгалтері М.Кадироваға аталған кемшіліктерге жол бергені үшін «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылды

7. «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ

Мемлекеттік аудит барысында 28.09.2022 жылғы №10 бухгалтерлік анықтамамен 158 081,9 мың теңге қалпына келтірілген.

8. Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ

Мемлекеттік аудит барысында 21.09.2022 жылғы №5 бухгалтерлік анықтамамен 14 330,4 мың теңгенің насостары, 21.09.2022 жылғы №6 бухгалтерлік анықтамамен 3860,6 мың теңгенің тал екпелері, 21.09.2022 жылғы №8 бухгалтерлік анықтамамен 4523,5 мың теңгенің ирригациялық лотоктары, 21.09.2022 жылғы №9 бухгалтерлік анықтамамен 9607,9 мың теңгенің тротуарлары, 21.09.2022 жылғы №7 бухгалтерлік анықтамамен 32032,0 мың теңгенің ескерткіштері, тротуарлары және асфальт жолдары, **жалпы 64 354,4 мың теңгені** құрайтын активтер балансқа алынып, қалпына келтірілді.

3.2 Мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша тұжырымдар:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясымен аудитте қойылған мақсат пен белгіленген ауқым шегіндегі аудит мәселелері бойынша Түркістан облысында тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық саласындағы жекелеген бюджеттік бағдарламаларына бөлінген қаржының жұмсалуды кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауына және тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізілді.

Жүргізілген мемлекеттік аудит барысында жалпы 476 579,9 мың теңге өтеліп, қалпына келтірілген болса (*оның ішінде 476 334,9 мың теңге қалпына келтірілгені, 245,0 мың теңгесі өтелді*) тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 5 285,4 мың теңге және 29 бірлікті құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылық анықталды.

Мемлекеттік аудит нәтижелері көрсеткендей бұзушылықтардың негізгі себептері келесі: активтерді бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынбауы, бухгалтерлік есептілікті жүргізу және қаржылық есепті жасау тәртібінің сақталмауы, кәсіпорындардың даму жоспарымен орындалуы туралы есебінің уақтылы бекітілмеуі орын алған;

Бюджеттің сапалы орындалуын қамтамасыз етуге аса көңіл бөлініп, бюджет қаржысының толық игерілуін қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында жергілікті атқарушы орган тарапынан және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан өз мерзімінде жүйелі іс-шараларды жүргізу қажет.

Жалпы аудиторлық іс-шара бойынша жоғарыда аталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бюджет қаржыларын пайдалану тиімділігі жеткіліксіз деңгейде екендігі жөнінде тұжырым жасауға болады.

3.3 Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар және нұсқамалар:

1. «Түркістан облысында тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық саласындағы жекелеген бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуына мемлекеттік аудитті жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша аудиторлық қорытындыны бекітуге ұсынамын.

2. Аудиторлық қорытынды бойынша Түркістан облысы әкімдігіне ақпарат жолдансын.

3. Аудиторлық қорытынды бойынша Түркістан облыстық мәслихатына ақпарат жолдансын.

4. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою үшін аудит объектілеріне нұсқамалар жолдансын. Атап айтқанда:

1. «Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің басшысына:

1) 2022 жылғы 30 қарашаға дейін мекемеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының сақталмауына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2. «Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің басшысына:

1) 2022 жылғы 30 қарашаға дейін мекемеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының сақталмауына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

3. Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) 2022 жылғы 30 қарашаға дейін мекемеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының сақталмауына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

4. «Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысына:

1) 2022 жылғы 30 қарашаға дейін мекемеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының сақталмауына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

5. Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысына:

1) 2022 жылғы 30 қарашаға дейін мекемеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының сақталмауына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

6. Түркістан қаласы әкімдігінің «Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысына:

1) 2022 жылғы 30 қарашаға дейін мекемеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының сақталмауына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

3.4 Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.